



## «САЛАУАТТЫ ТАМАҚТАНУ МЕКТЕБЫ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА «БІЗДІҢ ДАСТАРХАН» ОНЛАЙН СУРЕТТЕР БАЙҚАУЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

### Ұйымдастыруышылар:

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, «Нестле - Россия» ҚБЖ

### 1. Жалпы ережелер

Осы ереже «Біздің дастархан» тақырыбында «Салауатты тамақтану мектебі» жобасы аясында онлайн суреттер байқауын өткізудің шарттары мен тәртібін айқындайды.

### 2. Байқау мақсаты мен міндеттері

**Мақсаты:** «Салауатты тамақтану мектебі» бағдарламасына қатысушылардың Қазақстан халықтарының ұлттық аспаздық дәстүрлерінің ерекшеліктері туралы түсініктерін дамыту.

#### Міндеттері:

- балалардың дұрыс тамақтануын қалыптастыру қажеттілігін түсінуге ықпал ету;
- салауатты тамақтанумен байланысты денсаулықты сақтау бойынша алдын алу (профилактика);
- ата-аналарды дұрыс тамақтану мәселелері бойынша хабардар ету;
- дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру бойынша тәжірибе алмасу мүмкіндігін алу;
- білімалушыларда өз халқының тамақтану тарихы мен дәстүрлері туралы білімді кенейту, өз халқының мәдениеті мен басқа халықтардың мәдениеті мен дәстүрлеріне құрмет қалыптастыру.

### **3. Байқауға қатысушылар**

3.1. Байқауға педагогтің жетекшілігімен «Салауатты тамақтану мектебі» жобасына қатысатын білім беру ұйымдардарының 1-4- сынып білімалушылары қатысады.

### **4. Байқауды өткізу мерзімдері**

Байқаудың өткізу мерзімі 2024 жылғы 18 қараша мен 2025 жылғы 20 қантар аралығында өтеді, байқаудың қорытындысы осы мерзімнің ішінде шығарылады.

### **5. Байқауды өткізу шарттары**

5.1. Байқауға ұлттық аспаздық дәстүрлерді, Қазақстан халықының қонақжайлышық салт- дәстүрлерін көрсететін суреттер (ары қарай - Жұмыстар) қабылданады.

5.2. Суреттер қалың ақ қағазда (A3 форматта), кез-келген орындау техникасында (акварель, гуашь, пастель, қарындаш, киізден жасалған қалам, компьютерлік графика, аралас техника және т.б.) орындалу керек.

5.3. Сурет білімалушының ұлттық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі ретінде Қазақстан халықтарының ұлттық аспаздық дәстүрлеріне деген көзқарасын және оны зерделеу қажеттілігін көрсетуі керек.

5.4. Байқауға қатысушылар ұсынған жұмыстардың бұрын көшірілмегеніне, сату немесе өзге де иеліктен шығару жолымен таратылмағанына, көпшілік алдында көрсетілмегеніне және құқықтық иелігі берілмегеніне, кепілге қойылмағанына, шарттар бойынша өзге тұлғаларға берілмегеніне, сонымен қатар, заңмен қорғалатын басқа туындылар заңсыз қайта өндөлмегеніне кепілдік береді.

5.5. Байқауға қатысушылар ұсынылатын жұмыстардың авторы немесе өзге де құқық иеленуші болып табылатынына кепілдік береді.

5.6. Байқауға қатысушылар ұсынған материалдардың қайтарылмауына және байқау ұйымдастырушыларының түрлі басылымдарға, Интернет желісінде орналастыруға, бағдарлама аясындағы іс-шараларда көрсетуге, демонстрациялық және басқа да материалдарға сыйақысыз пайдалануға келісімін береді, сонымен қатар, пайдалану мерзімі шектелмейді.

5.7. Байқауға қатысушылар ұсынған жұмыстардың үшінші жақтың авторлық құқығын бұзбауын қамтамасыз етуге кепілдік береді .

5.8. Байқау комиссиясы Ереже талаптарына сәйкес келмеген жұмыстарды қарастырайды.

**5.9. Байқауға әр сыныптан 1 жұмыс ғана қабылданады.**

5.10. 2025 жылғы 10 қаңтардан кеш түскен байқау жұмыстары қарастырылмайды.

## **6. Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар**

6.1. Байқауға ұлттық аспаздық дәстүрлерді, Қазақстан халықының қонақжайлышың салт-дәстүрлерін көрсететін жұмыстар қабылданады.

6.2. Байқау материалдарымен қоса берілуі тиіс:

- Автор туралы мәліметтер - тегі, аты, мектеп атауы, сыйныбы.

- Білім алушылардың ата-аналарынан немесе заңды өкілдерінен байқау шарттарымен танысқандары және олармен толық келіскеңдері туралы, сондай-ақ олардың дербес деректерді өндөуге жазбаша келісімі. Келісім құжаты сканер түрінде қабылданады.

6.3. Қатысушылар байқау жұмыстарын скан түрінде

HealthierKids@kz.nestle.com эл. поштасына жібереді.

- Файлға қатысушының аты-жөні, білім беру үйімінің нөмірі мен атауы, сыйныбы жазылуы тиіс.

## **7. Байқаудың өткізу тәртібі**

### **Жұмыстарды қабылдау**

Өткізу мерзімі: 18.11.2024 ж. - 10.01.2025 ж. аралығында

### **Байқау жұмыстарын бағалау**

Өткізу мерзімі: 18.11.2024 ж. - 20.01.2025 ж. аралығында

Жұмыстарды бағалау Ережеде көрсетілген критерийлерге сәйкес жүзеге асырылады.

Байқау нәтижесінде 10 жеңімпаз және 10 лауреат анықталады.

### **Нәтижелерді жариялау**

2025 жылы 31 қаңтар күні

## **8. Қатысушыларды марапаттау**

Байқау жұмыстарының жеңімпаздары мен лауреаттары дипломдармен және сертификаттармен марапатталады.

1-қосымша

### Байқау жұмыстарының бағалау критерийлері

#### 1. Идеяның өзектілігі:

- Суреттің сюжеті байқау тақырыбын ашады (0-5 ұпай)

#### 2. Жұмыстың композициялық шешімінің өзіндік ерекшелігі:

- Сюжетті ұсынудың ерекше формасы көрсетілген (0-5 ұпай)

3. Жұмысты дайындау кезінде көркемдік талғам байқалады (0-5 балл)

#### 4. Сурет сапасы: анықтығы, түстердің ашықтығы (0-5 ұпай)

2-қосымша

### «Салауатты тамақтану мектебі» жобасы аясында «Біздің дастархан» онлайн суреттер байқауына қатысуға өтінім

Қала \_\_\_\_\_ мектеп атауы №,

Басшысы \_\_\_\_\_ (Тегі, аты толығымен)

Басшының байланыс нөмірі: \_\_\_\_\_  
E-mail: \_\_\_\_\_

№	Тегі, аты (автордың)	Сыныбы	Жұмыстың атауы	Файлдың атауы
1	Абыханов Айдан			1Абыханов.jpg

#### Ескерту:

- Жіберілген файлдың атауы өтінімдегі нөмірге және қатысушының тегіне сәйкес болуы керек.

3-қосымша

**«Біздің дастархан» суреттер онлайн байқауына балалардың қатысуына  
ата-аналардың келісімі**

Мен, \_\_\_\_\_ сынып оқушысының ата-анасы  
немесе заңды өкілі «Біздің дастархан» суреттер онлайн байқауының  
шарттарымен таныстым және дербес деректерді өндеуге келісім беремін.

Күні, айы, жылы \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_